# QAZAQ ÝNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№1 (1710)
8 қаңтар
2019 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


# В ЕГИПТЕ ОТКРЫТ ЦЕНТР АЛЬ-ФАРАБИ

**В рамках реализации Президентской программы «Рухани жаңғыру» и статьи «Семь граней Великой степи» при поддержке Посольства РК в Арабской Республике Египет Казахский национальный университет им. аль-Фараби открыл научно-образовательный центр аль-Фараби в Каирском университете.**



К открытию центра был приурочен международный научный семинар «Философское наследие аль-Фараби». Ученые фарабиеведы, философы Каирского университета, ректор КазНУ академик Галым Мутанов, Посол РК в Египте Арман Исагалиев выступили с докладами о наследии великого мыслителя Востока и актуальности его идей в духовно-нравственном воспитании подрастающего поколения.

Ректор ведущего казахстанского вуза рассказал о ходе реализации совместно с Альянсом Цивилизации ООН международного проекта «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов», основанного на идеях аль-Фараби о добродетельном обществе. Он выразил уверенность, что центр аль-Фараби в Каирском университете будет служить хорошей платформой для изучения и популяризации наследия не только аль-Фараби, Султана Бейбарса, но и общих исторических и культурных ценностей двух дружественных стран. По инициативе Посольства Казахстана в Египте уже в этом году на базе центра аль-Фараби впервые в Каирском университете будет введена дисциплина по изучению казахского языка.

В рамках поездки состоялся конструктивный диалог казахстанской делегации с Верховным имамом аль-Азхара шейхом Ахмадом ат-Тайебом, Министром высшего образования и научных исследований Халедом Абдель-Гаффаром, председателем Комитета по делам образования и научных исследований Парламента АРЕ Самием Хашимом, ректором Каирского университета Мохаммедом Осман аль-Хоштом и главным редактором газеты «Гомхурия» Абдель-Разек Тауфиком. В ходе встреч обсуждались вопросы укрепления взаимовыгодного сотрудничества в совместной подготовке специалистов, реализации программ академического обмена, научных стажировок магистрантов и докторантов, повышения квалификации преподавателей, разработке научно-образовательных программ, введения курсов фарабиеведения. Особо важным моментом визита стала договоренность об открытии филиала КазНУ им. аль-Фараби в Египте. Стороны также выразили готовность к совместной работе по подготовке и проведению 1150-летия великого мыслителя аль-Фараби в 2020 году.

Съемочная группа известного кинорежиссера С.Азимова в составе делегации КазНУ посетила историко-культурные объекты в Египте (мечеть и библиотеку Султана Бейбарса и др.) с целью сбора видеоматериалов для документального фильма об аль-Фараби и Султане Бейбарсе, над созданием которых в данное время ведется работа.

**Соб. корр.**

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӨЗҚАРАС

**Алматыда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын талқылауға арналған Қазақстанның әлеуметтанушылар қауымдастығы Төрағасының кеңейтілген отырысы өтті.**

Шараны ұйымдастырушылар қатарында ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Оған қазақстандық жетекші сарапшылар – әлеуметтанушылар, тарихшылар, саясаттанушылар, археологтар, этнологтар, мәдениеттанушылар және Алматы қаласының жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Зарема Шаукенова өзінің кіріспе сөзінде Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығының (ҚӘҚ) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысып отырғанын атап өтті. Бұл жұмыстың қорытындысы мен зерттеулердің жаңа бағыттары 2018 жылдың күзінде Астанада өткен ҚӘҚ мүшелері мен әлеуметтанушылардың кезекті Конгресінде талқыланған болатын. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы «Рухани жаңғырудың» жалғасы бола отырып, қоғам, ғылыми орта және сарапшылар тарапынан кең қолдау табуда.

Гуманитаристиканың түрлі бағыт өкілдері қазіргі Қазақстанның аумағын мекендеген халықтардың өткені арқылы ел тарихын қазіргі заманғы көзқарас тұрғысынан қарастыру үшін жаңа зерттеу нысандарын табуда.

*Жалғасы 2-бетте*

# ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫНДА

**Әлемдік бірегей оқу орындары – Батыста «Оксфорд» пен «Кембридж», Шығыс-мұсылман әлемінде «әл-Азһар» – бәрі де адамзат баласын озық ойлы, көзі ашық, білімді болуға үндеп, жарқын өмірге жетелеп келеді. Қазақтың да бұл үдерістен көз жазып, қасыналы кеніштен кенде қалуға ешбір хақы жоқ. Қазіргі тыныш өмірде, «өз қолы өз аузына жетіп» отырған бейбіт заманда қазақ баласының өзгемен тең тұрып сөйлесуге толық құқылы. Оған негіз де жоқ емес. Өйткені, біздің елде әлемдік білім беру стандарттарына сай, мол тәжірибелі, «әлемнің екінші ұстазының» есімі берілген – Қазақ ұлттық университеті бар.**

Иә, Қазақстанның білім беру тарихы мен ғылым жолының терең қатпарларында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алар орны ерекше. Сонау XX ғасырдың 30-жылдарынан бірегей білім ордасы атанған ҚазҰУ – қазақтың қарашаңырағы, бетке ұстар темірқазығы іспетті.

*Жалғасы 4-бетте*


БІЛІМ САПАСЫ МАҢЫЗДЫ



2-бет

НАВСТРЕЧУ ГОДУ МОЛОДЕЖИ



3-стр.

ЗАМАНҒА САЙ ҚЫЗМЕТ



7-бет

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӨЗҚАРАС



Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығының вице-президенті, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Серік Сейдуманов «Егер біз Президенттің мақаласында айтылған ғылыми ізденістер бағыттарының жиегін кеңейтіп, оған тек тарихшылар мен археологтарды ғана емес, сондай-ақ генетика мен лингвистика мамандарын тартсақ, онда біз анағұрлым ауқымды тарихқа ие боламыз», – деп атап өтті. Сонымен қатар, оның пікірінше, біздің отандық ғалымдар Ұлы даланың әлеуметтік дамуын зерттеу барысында философия, география және биология, әсіресе әлеуметтану саласындағы әлемдік зерттеушілердің әдістемелік құралдарын және жетістіктерін басшылыққа алу керек.

ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнография факультетінің деканы, профессор Мендігүл Ноғайбаева мәжіліс қатысушыларының назарын дала өркениетінің дамуын тұтастай процесс ретінде зерттеу қажеттілігіне аударды. «Жаһандану және бұқаралық мәдениет орныққан заманда біздің ата-бабаларымыздың тарихи мұрасын жоғалтпау аса маңызды. Бұл бүгінгі таңда Қазақстан халқының өзіндік ерекшелігін, ұлттық мәдениет қазынасының тереңдігін сезінуге мүмкіндік береді», – деді ол.

«BISAM Central Asia» әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер және бизнес-ақпарат орталығының президенті, профессор Леонид Гуревичтің пайымдауынша, Президент мақаласының аса маңызды тұсы еуропоцентризмді сынға алу. «Еуропоцентризмнен ауытқу бүгінгі таңда әлемдік қоғамның басты үрдісі», - деп атап өтті спикер. «Классикалық қана емес, сонымен қатар модернистік және постмодернистік теориялар өздерінің географиялық шектеулігіне байланысты қателігі анықталуынан құлдырау үстінде. Бұл жағдайда қазақстандық қоғамтанушылар бірегей мүмкіндікке ие болуда, яғни тек әлемдік ғылыми кеңістікке интеграцияланып қана қоймай, сондай-ақ оған тең дәрежеде кіре алады».

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ-дің бас зерттеушісі, тарих ғылымдарының докторы Леся Каратаева күн тәртібіндегі міндеттерге, атап айтқанда, «жас мамандар арасында ғылыми қызметкердің әдістемелік мәдениетін алға жылжыту, сондай-ақ тек ұлттық деңгейде ғана емес, жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті тәуелсіз ғылыми мектептерді құруға мүмкіндік беретін теориялық және әдістемелік бағыттарды әртараптандыру» мәселелеріне тоқталды.

Сонымен бірге, отырыс қатысушылары қазіргі заманғы әлеуметтану ғылымындағы тарих пен негізгі үрдістерді тану, сананы жаңғырту, тарихи ғылымды дамыту және де инновациялық технологиялар мен интерактивті әдістер арқылы «Ұлы даланың жеті қырының» символдық мәні мен мағынасын ашу мүмкіндіктерін талқылады.

Шара аясында мәжіліс қатысушылары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ашылған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты тарихи-көркем экспозициясы таныстырылды.

**Өз тілшімізден**

## РЕКТОРАТ

# БІЛІМ САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

**Кезекті ректорат мәжілісінде студент білімі сараланатын әрі бағаланатын қысқы емтихан тақырыбы кеңінен сарапқа салынды.**



Бұл жөнінде 2018-2019 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындылары туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов баяндама жасады. 2018/19 қысқы емтихан сессиясына 23126 білім алушы қатысып, ағымдағы жылда докторантура бойынша 743, магистратура 2479, бакалавриат бойынша 13979 студент сессия тапсырды. Проректор сессияда қолданылған мәтіндік тапсырмалар мен емтихандық билеттер, университет кафедраларындағы эксперттік комиссия бағалау процедурасынан өтіп, факультеттің оқу әдістемелік кеңесінде бекітіліп, оқу процесін ұйымдастыру және бақылау департаментіне жіберіліп отырғанын атап айтты. «Барлық емтихандар ауызша, жазбаша және компьютерлік тестілеу түрінде бейне камерамен жабдықталған аудиториялар мен дәрісханаларда жүргізілді. Емтихан сессиясының барысын бақылап, мониторингін жүргізу мақсатында білім беру үдерісінің мониторинг бөлімінің, академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының қызметкерлерінен, факультет декандары мен декан орынбасарлары және басқа да жауапты тұлғалардың ішінен арнайы жалпы университеттік және факультеттік жұмыс комиссиялары құрылды», – деді проректор. Сондай-ақ ол ағымдағы жылғы емтихан сессиясын өткізу бойынша әр факультет көрсеткішіне жекелей сараптама жасап, академиялық борышы бар студенттердің өткен жылғы пайыздық үлесі мен университет студенттерінің оқу жетістіктері динамикасына тоқталды.

Кезекте стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы QS бойынша академиялық сарапшылар мен жұмыс беруші сарапшылардың деректер базасы және сарапшылармен жұмысы туралы баяндама жасап, университеттің алға жылжуы бойынша жол картасындағы барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы негізгі мәселелерге назар аударды. Сонымен қатар мәжіліс аясында 2019 жылғы оқытушы-профессорлық құрамның 49-шы ғылыми-әдістемелік конференциясы 14-15 ақпан аралығында өтетінін хабарлаған әдістемелік жұмыс қызметінің жетекшісі Гүлнәзия Толғақызы аталған конференцияға дайындық барысы жайлы айтып, жиын соңында белсенді білімгерлерге шәкіртақылар табысталды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

## QYSQA-NUSQA

**Ótken jyldyń aıaǵynda Qazaqstan Respýblıkasynyń premer-Mınıstri Baqytjan Saǵyntaevtyń ǵylymı uıymdar men joǵary oqý oryndarynyń jas ǵalymdarymen kezdesýi ótti.**

Kezdesý barysynda Qazaqstandaǵy ǵylymnyń qazirgi jaǵdaıy men damý keleshegi týrasy aıtylyp, ǵylymdy basqarý júıesi men doktorantýra baǵdarlamasyn damytý, joǵary bilim berý mekemelerin zamanaýı tehnıkamen jabdyqtaý, ǵylymı dáreje berý júıesin jetildirý máseleleri talqylandy.

Kezdesýge ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ ǵylymı-tehnologıalyq parkiniń dırektory, PhD Ámirhan Temirbaev, fızıka-hımıalyq zertteý jáne taldaý ortalyǵynyń jetekshisi, professor Bolat Keńesov qatysty.

Basqosý aıasynda Bolat Keńesov joǵary oqý ornynyń ǵylymyna jáne ǵylymı zertteýlermen belsendi aınalysatyn stýdentterdi tartý máselelerine toqtaldy. Sondaı-aq perspektıvti ýnıversıtetterdi sońǵy zamanaýı tehnıkamen jabdyqtaýdy, PhD-doktoranttar stıpendıasyn 150 myń teńgege deıin arttyrýdy, bitirýshi-doktoranttarǵa arnalǵan ulttyq baǵdarlamany engizýdi usyndy.

***

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń ǵylymı keńesinde «Shınhan bank Qazaqstan» AQ-nyń jyldyq shákirtaqyny tabystaý saltanaty ótti. Onda shyǵystaný fakýltetiniń Qıyr Shyǵys kafedrasynyń koreıtaný bóliminiń GPA-y joǵary jáne az qamtylǵan otbasydan shyqqan jeti stýdent 800 myń teńgege jýyq shákirtaqy aldy.**

Bul is-shara Seýl qalasyndaǵy Shınhan banktiń shtab-páteri 1996 jyly qurǵan «Nadejda» qorynyń qoldaýymen ótkiziledi. Qor – 1996 jyldan beri álem boıynsha barsha stýdentterge stıpendıa berýmen qosa, ǵylym, mádenıet jáne shyǵarmashylyq qyzmetke sekildi alýyn túrli salalarda kómek kórsetýmen aınalysady. «Qazaqstan Shınhan Bank» aksıonerlik qoǵamy on jyl boıy QazUÝ-dyń shyǵystaný fakýlteti stýdentterine qarjylyq kómek kórsetip otyrýda. Jyl saıynǵy stýdenttik shákirtaqy, stýdentterde oqýǵa degen qulshynysty ashýǵa úlken úles bolyp, Qazaqstandaǵy Koreıaǵa qatysty zertteýlerdi damytýǵa jáne Koreıanyń ımıdjin arttyrýǵa kómegin tıgizedi.

«Qazaqstan Shınhan Bank» aksıonerlik qoǵamynda jyl saıyn Qıyr Shyǵys kafedrasynyń Koreıtaný bólimi stýdentteri kásibı tájirıbeden ótip, ol jas mamanǵa keremet tájirıbelik baza bolyp tabylady.

Biz, osyndaı is-sharalar stýdentterdiń koreıtanýǵa degen qyzyǵýshylyǵyn kóterip, «Shınhan bank Qazaqstan» AQ men ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ arasyndaǵy oqý-bilim jáne ǵylym salalaryndaǵy qarym-qatynasty nyǵaıtýǵa septigin tıgizetinine senimdimiz.

**Qıyr Shyǵys kafedrasy**

***

**Qıyr Shyǵys kafedrasynyń meńgerýshisi, qaýymdastyrylǵan professor Natalıa Em Qazaqstan koreıler Qaýymdastyǵy Prezıdıýmynyń múshesi retinde «Korea – Central Asia Special Forum for Issue of Koryoin: Extensive Issue and Future Aspect» forýmyna qatysyp, Hangýk shet tilder ýnıversıtetinde Ortalyq Azıa zertteýleri Instıtýtynyń stýdentteri úshin dáris oqydy.**

Qazaqstandaǵy koreıtaný jónindegi maǵlumattar tarıh ǵylymdarynyń doktory, professor Kım Germannyń ǵylymı mektebi arqyly tanystyryldy. Bul ǵylymı mekteptiń jumystarynyń basym bóligi Qazaqstandaǵy koreı dıasporasynyń zertteýlerine arnalyp, sol arqyly tanymal boldy. Sońǵy jyldary Koreıa Respýblıkasyna TMD elderinen kelgen koreı halqynyń sany kún saıyn artyp, 80 myńǵa deıin jetti. Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń professorlary Qazaqstan koreıler Qaýymdastyǵynyń prezıdenti Sergeı Ogaımen birlesip osy oqıǵalarǵa baǵa berdi. Atalmysh forým Hangýk shet tilder ýnıversıtetiniń Ortalyq Azıa zertteý Instıtýtynyń dırektory Son Eng Hýn professordyń barqarýymen uıymdastyryldy. Sonymen qatar, forýmǵa kóptegen ǵalymdar, dıplomattar men qoǵam qaıretkerleri qatysty. Koreıa men Qazaqstan buqaralyq aqparat quraldary da atalmysh forým týraly baıandady.

Hankuk University of Foreign Studies seriktes ýnıversıtettegi eki saǵattyq dáris óte qyzyqty ótti. «Áleýmettik saty mehanızmi retindegi qazaqstandyq koreılerdiń etnıkalyq yntymaqtastyǵy» taqyrybynda ótken dáriske 50-den astam stýdent qatysyp, ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń magıstratýra men doktorantýra baǵdarlamalary jóninde de kóp aqparatpen tanys boldy.

**Qıyr Shyǵys kafedrasy**

***КазНУ стал лидером среди высших учебных заведений Казахстана в Европейском рейтинге «Academic Ranking of World Universities-European Standard»***

**Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы – Н.Ә. Назарбаевтың осы жылдың 5 қазанында жасаған Жолдауында білім беру мәселесіне, әсіресе оның құрылымдық деңгейлері болып есептелетін мектепке дейінгі, орта және жоғары білімге ерекше тоқталды. Елбасы 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет, – деп нақты тапсырды.**

# МАҚСАТ – ҰСТАЗ АБЫРОЙЫН КӨТЕРУ

Президент атап көрсеткендей, мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет. Білім және ғылым министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, биыл тиісті «Жол картасын» әзірлеуі керек.

Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн. Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады. Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс. Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұраныска ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды. Бұл оқытудың жеке бағдарын жасауға және оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етуді, мектеп психологтарының жұмысын күшейтуді және басқа да дәйекті шараларды жүзеге асыру міндеттелді.

Елбасы келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп айтты. Біздің ойымызша, бұл мұғалімдер мен оқытушылар қауымы үшін өте маңызды оқиға болар еді. Ұлт көшбасшысы айтқандай, бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс. Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Біз гранттардың санын көбейттік, енді жауапкершіліктің кезеңі келді.

«Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы. Жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажет. Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды. Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санаймын»,- деп, Ел Президенті ЖОО-ның түлектерінің тек жұмысқа орналасу ғана емес, сонымен қатар, жоғары жалақы алатындай жағдай жасау керектігін атап көрсетті.

Қорыта айтқанда, 2018 жылғы 5-қазандағы Елбасының халыққа Жолдауында Білім беру саласының қызметкерлері үшін жағымды жаңалықтар жетерлік. Ендігі мақсат – Ұстаз абыройын көтеру.

**А. ЖАНБАТЫР,**
*мәдениеттану мамандығының*
*3-курс докторанты*

# СТРАТЕГИЯ УСПЕХА

**В Послании народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» Глава государства выстраивает целостную политику, направленную на повышение человеческого капитала страны через развитие сферы образования. Стратегический документ предлагает чёткий алгоритм реализации государственных задач по вхождению Казахстана в 30 развитых стран мира, в котором особое внимание уделено «усилению ответственности» в сфере образования.**

Преподаватели и студенты кафедры «Иностранная филология и переводческое дело» КазНУ им. аль-Фараби с большим воодушевлением восприняли Послание Президента, где указана необходимость активизации развития инновационных секторов, в том числе и системы образования: «Акценты в образовании смещаются в сторону модели 4К: развития креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде». Это требует консолидации усилий всего профессорско-преподавательского состава и обучающейся молодежи.



В программном документе уделено особое внимание вопросу социальной поддержки педагогов. Отмечено, что все уровни системы образования должны отвечать современным реалиям и потребностям экономики и особое внимание уделяется необходимости повышения престижа профессии педагога. В связи с этим, Президент считает необходимым разработать и принять Закон «О статусе педагога», который должен предусмотреть все стимулы для педагогов и работников сферы образования. Сократить нагрузку, оградить от непредвиденных проверок, несвойственных функций и т.д.

Глава государства утверждает, что «комплексная поддержка молодежи и института семьи должна стать приоритетом государственной политики. Необходимо создать широкую платформу социальных лифтов, которая будет включать полный комплекс мер поддержки всех категорий молодежи». А это значит, что наши выпускники могут с оптимизмом смотреть в завтрашний день и быть уверенными, что им будет предоставлена возможность реализоваться на профессиональном поприще.

Государство оказывает значительную поддержку инновационному развитию системы высшего образования, увеличивается количество образовательных грантов для подготовки профессиональных кадров. В условиях все большего расширения международного сотрудничества страны растет потребность в высококвалифицированных специалистах, владеющих иностранными языками для дальнейшего углубления деловых и культурных отношений Казахстана с зарубежными государствами. И, наши студенты специальностей «Иностранная филология» и «Переводческое дело», осознают, что изучение иностранных языков – это не самоцель, а веление времени, предоставляющее значительное конкурентное преимущество на рынке труда.

С большим энтузиазмом воспринято нашими студентами предложение Президента объявить следующий год Годом молодежи! Красной нитью через все Послание проходит вера Президента РК в свой народ и подрастающее поколение. Именно это вера помогает нам достойно превозмочь испытания современного времени и войти в число развитых стран мира, а мы – интеллигенция и студенческая молодежь, готовы объединить свои усилия в воплощении идей Главы Государства.

**Кафедра иностранной филологии**
**и переводческого дела**

# ГОД МОЛОДЕЖИ

**Выступая на торжественном мероприятии по случаю празднования Дня Независимости Республики Казахстан, Президент Н.А.Назарбаев подчеркнул, что «экономическую мощь и геополитическое влияние Казахстана в XXI веке будут определять уровень здоровья, интеллектуальная база, креативный потенциал, трудолюбие и патриотизм наших молодых граждан. Именно поэтому следующий год объявлен Годом молодежи». Глава государства подчеркнул, что «поколение Независимости достойно ответит на все вызовы времени и обеспечит благополучие и процветание каждой казахстанской семье».**



Поддержка молодежи, численность которой составляет порядка 4 миллионов человек, сопутствует всей деятельности Ел басы. Об этом убедительно свидетельствуют его Послания народу Казахстана, программа «Рухани жаңғыру», статья «7 граней Великой степи», другие выступления и стратегические документы. Заботой о подрастающем поколении пронизано Послание Президента «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни», озвученное в октябре 2018 года. В нем отмечено, что «комплексная поддержка молодежи и института семьи должна стать приоритетом государственной политики. Необходимо создать широкую платформу социальных лифтов, которая будет включать полный комплекс мер поддержки всех категорий молодежи». Выступая на VШ Гражданском форуме, Президент отметил, что необходимо также в реализации молодежной политики усилить роль неправительственного сектора.

Следует отметить, что в мировом сообществе накоплен богатый опыт проведения подобных мероприятий. Особо выделяется в данном направлении деятельность Организации Объединенных Наций. Придавая важное значение развитию молодежи, в 1979 году 34-я сессия Генеральной Ассамблеи ООН приняла резолюцию о провозглашении 1985 года Международным годом молодежи под девизом «Участие, развитие, мир». В этих целях был учрежден Консультативный комитет в составе представителей 23 государств-членов. Роль головного органа отводилась Центру по социальному развитию и гуманитарным вопросам. Предполагалось предоставление информации о молодежи межправительственным органам и государствам-членам, оказание консультативных услуг при формировании национальной молодежной политики, помощь в проведении молодежных мероприятий.

Подготовка и проведение Года состояла из трех этапов. Первый этап – определение целей и разработка конкретной программы мер и мероприятий, одобренной Генеральной Ассамблеей в ноябре 1981 года. Второй этап, охвативший 1982-1985 годы, был направлен на реализацию программы. Третий этап предусматривал оценку уже достигнутого прогресса, переоценку долгосрочных целей и разработку соответствующих последующих мер. Анализ показал, что проведение Года стимулировало интерес к молодежным проблемам на всех уровнях практически всех стран. Были приняты международные, региональные, национальные программы, проведены различные конференции, встречи, семинары и совещания.

Многие государства создали национальные координационные комитеты для проведения Года молодежи. Активное участие приняли неправительственные и особенно молодежные организации. Для оказания поддержки осуществления молодежных программ и проектов во всем мире, особенно в развивающихся странах, был создан и начал функционировать Целевой фонд. Мероприятия оказали влияние на активизацию работы с молодежью в последующее время. Именно к этому и стремилась ООН, инициируя проведение Года молодежи.

Продолжая линию на усиление внимания международного сообщества к включению проблем молодежи в повестку дня на глобальном, региональном и национальном уровне, ООН провозгласила 2010 год Годом молодежи под лозунгом «Диалог и взаимопонимание». Это продвижение идеалов мира, уважения к правам человека и солидарности между людьми разных поколений, культур, религий и цивилизаций. Год, как и планировала ООН, не только содействовал активному вовлечению молодых людей во все сферы общественной жизни, лучшему пониманию их интересов и потребностей, но и показал вклад молодого поколения в осуществление Всемирной программы действий, касающейся молодежи. Практика проведения таких мероприятий развивается и в странах СНГ. Так, в России молодежи был посвящен 2009 год, в Беларуси – 2015 год.

Думается, что вклад Казахстана в международную копилку проведения Года молодежи будет значительным и интересным. Молодежь страны с воодушевлением восприняли инициативу Главы государства, реализация которой дает реальный шанс каждому проявить себя, реализовать свои идеи, добиться намеченного и одновременно способствовать дальнейшему развитию Отечества.

**Лилия ЗАЙНИЕВА,**
*доктор политических наук,*
*профессор кафедры политологии и*
*политических технологий*

**Биыл ҚазҰУ-да «Нельсон Мандела мұрасы» атты халықаралық дөңгелек үстел өтеді**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫНДА

Олай дейтін себебіміз, бұл оқу орнынан, осы уақытқа дейін, небір дарынды тұлғалар мен елі мен жері үшін аянбай тер төгіп қызмет еткен азаматтар түлеп ұшқан. Олар қазақ руханияты мен мәдениетіне, өнері мен ғылымына өлшеусіз үлес қосты. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың мемлекеттік һәм әлемдік деңгейде мерейі үстем, абыройы асқақ. Оған жақын арадағы жеткен жетістіктеріміз бен жеңістеріміз айқын дәлел.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың «ҚазҰУ әлемнің жетекші ЖОО-лардың қатарына енуді көздеуде. Мұндай университеттер өз елінің, сондай-ақ бүкіл аймақтардың дамуын айқындап, жетекші экономикалардың негізгі салалары мен бағыттарын мамандармен қамтамасыз етеді», — дегеніндей, аталмыш оқу орнының негізгі мақсаты – білімді де білікті, сапалы, әлемдік бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Сол арқылы елдің мәдени өмірін жақсарту, әлеуметтік салтын түзеу және қазақ қоғамының әржақты даму тенденциясын қалыптастыру. Әрине, бұл мақсаттарға жетудің ілкі қадамдары жасалып та жатыр. Атап айтқанда, ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану бағытымен мақсатты түрде келе жатқан бірегей оқу орны. Мәселен, биыл ғана университетіміз QS халықаралық рейтингісінде жоғары нәтижеге қол жеткізді. Аталған топқа ТМД елдерінен ҚазҰУ мен Ломоносов атындағы ММУ ғана кіріп отыр. Бұл – үлкен көрсеткіш һәм зор мақтаныш. Сондай-ақ, университетіміздің оқу бағдарламаларының 90%-ы халықаралық аккредициялық агенттіктердің аккредитациясынан сәтті өтіп,



бірнеше рет оқу бағдарламалары «EUR-ACE® Label» европалық сапа белгісін алды.

Сонымен қатар, қолдағы сенімді дереккөздеріне сүйенсек, Британдық «Times Higher Education» (THE) агенттігінің зерттеу нәтижелері бойынша ҚазҰУ «THE World University Rankings – 2019» әлемнің үздік ЖОО-лары 801-1000 тобына енген Орталық Азия университеттерінің арасындағы жалғыз оқу орны. Бұл рейтинг тізімінде 86 елден барлығы 1250 университет қана бар. Ал, «Қазақстан-2050-Инновация және академиялық артықшылық бойынша Ұлттық рейтингісінің» көпсалалы университет санаты бойынша – 1 орынға тұрақтаған.

Университет Халықаралық QS (Quacquarelli Symonds) рейтингісінде де Шығыс Европа және Орталық Азиядағы 20 үздік университеттер қатарына еніп, «SCOPUS AWARD – 2018» сыйлығына ие болды.

Ұлттық университет биыл «Scopus» халықаралық дерекқорына кіретін жоғары рейтингілік журналдарда жарияланған мақалалар саны бойынша Қазақстанда көшбасшылық етуде. Сондай-ақ, соңғы 5 жылда «Web of Science» халықаралық дерекқорында индекстелетін нөлдік импакт-фактордан жоғары рейтингілік журналдарда жарияланған мақалалар саны бойынша да Қазақстанның ғылыми-зерттеу ұйымдары мен жоғары оқу орындарының арасында бірінші орынды иеленді.

Байқасаңыз, мұның бәрі де Ұлттық университеттің әлемдік деңгейдегі оқыту жүйесі қалыптасып мойындалған беделді оқу орны екенін білдіреді. Әрі бұл әрбір қазақстандықтың үмітіне үміт сыйлайтын, оқу-білімге деген ынта-ықыласын оятатын ерекше күш десе болғандай. Тоқ етері, әлемдегі үздік оқу ордамыз әлі де дамудың даңғыл жолында талай белестерді бағындырып, небір асулардан асады деп сенеміз.

**Н. ТОҚСАНБАЕВА,**
*психология ғылымдарының докторы, профессор*

# КазНУ в ERASMUS+

**В рамках Проекта Европейского Союза ERASMUS+ «Повышение потенциала в области высшего образования» (CBHE) DIREKT прошло рабочее совещания и тренинги в Северо-Западном политехническом университете (NPU) в г.Сиань (КНР) с участием преподавателей КазНУ им. аль-Фараби.**




На открытии заседания с приветственной речью выступил ректор Северо-Западного политехнического университета. Он отметил, что NPU (Northwestern Polytechnical University) – делает упор на науку и технологии и является ведущим университетом Китая, работающим в сфере аэронавтики, космонавтики и морских технологий.

В совещании приняли участие представители университетов Китая, Казахстана, России, Ирландии, Греции, Румынии и других стран. В ходе совещания был проанализирован мониторинг достигнутых результатов, обсужден план пилотирования учебных модулей DIREKT, а также дальнейшие шаги по реализации проекта. Делегация КазНУ успешно представила отчет-презентацию о проделанной работе с 2016 г. Авторитетные зарубежные эксперты дали высокую оценку деятельности КазНУ в рамках проекта, координатором которого является заведующая кафедрой «Всемирной истории, историографии и источниковедения» Г.С. Султангалиева.

Во время тренингов коллеги из NPU представили разработку мобильного приложения для студентов и преподавателей, представляющий собой доступ к репозиторию университета, являющийся электронным надежным архивом длительного хранения. Накопленные в нем данные, статьи, научные публикации и исследования открыты для доступа. Как было отмечено, в целях обеспечения эффективной научно-информационной деятельности вуза, данную технологию можно внедрить в КазНУ.

**М. ОНГАРБАЕВА,**
*преподаватель кафедры «Иностранной филологии и переводческого дела»,*
**А. СУЙНОВА,**
*старший преподаватель кафедры «Всемирная история, историография и источниковедение»*

# Білім мен тәрбие

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерді орындау тарих, археология және этнология факультетінің үздік оқытушылары, магистранттары және гимназия ұстаздары, оқушыларымен Мүслім Базарбаев атындағы гимназиясында «Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу» атты дөңгелек үстел өткізді.**

Білім бастауы тәрбие. Тәрбие үлкен ұғым, үлкен мектеп. Ол мәдениет, құндылық. Ал ұлт үшін ұлттық құндылықтардың мәні зор. Себебі, ол ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Отаншылдық, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілік, жауынгерлік, еңбек сүйгіштік, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұру, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастық, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болу, адалдық, шыншылдық, тазалық, қарапайымдылық, кішіпейілділік, өз мүддесінен халық, Отан мүддесін жоғары қою сияқты қасиеттерді тәрбиелеу қарастырылды.

Ұлттық құндылықтар негізінде жастарды туған жер, отаншылдық міндетке, отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігіне қол жеткізу аталмыш шараның басты мақсаты болатын

Қазіргі таңда сол құндылықтарымыз қаншалықты сақталып, ұрпақ санасына қаншалықты беріліп жатқандығы басты мәселе. Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор ол тәрбие, ұлттық салтымыз, тарихымыз. Сол халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде.

**А. АЛЬДИБЕКОВА,**
*дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының магистранты*




**15 января КазНУ исполнится 85 лет со дня основания**

# Ғылымның қия жолында

**Философия - дүниенің мәні мен адам туралы ғылым. Философтар үшін оларды жекелеп қарау емес, тұрақты арақатынастарын зерттеу маңызды. Ал өмірін осынау күрделі ғылым саласына арнау - даналықты, парастаттылық пен кемеңгерлікті талап етеді. Сондай биік ғұмырдың төрінен көрініп, ғылымның осынау бір болмысы биік бөлігінде өзіндік орнын айшықтаған, әрі отандық философия ғылымы саласында нәтижелі еңбек еткен - Гүлжиһан Жұмабайқызының есімін ерекше атап өтуге болады.**

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі болып отырған, ұлағатты ұстаз, аяулы жар, асыл ана Гүлжиһан Жұмабайқызы алпыс жас мерейтойын атап өткелі отыр.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Гүлжиһан Нұрышева қазақ философиясы, философия тарихы, философиялық антропология салаларының өзекті мәселелерін зерттеуге бағытталған инновациялық еңбектерімен танымал ғалым. Атап айтатын болсақ, Скопус Томсон Рейтер базаларына кіретін жоғары рейтингті журналдарда 5 мақала, шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда 200-ге жуық ғылыми еңбектері мен мақалалары жарық көрген. Мәселен, «Адам өмірінің философиялық мәні» монографиясы (2001 ж.), «Философия тарихы» оқу құралы (2004 ж.), «Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау» монографиясы (2011 ж.), «Философия» атты ҚР Білім және ғылым министрлігінің грифі беріліп, республиканың барлық жоғары оқу орындарына ұсынылған оқулығы (2013 ж.), ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Философия» пәнінен типтік оқу бағдарламасы (2015 ж.), «Еуропалық Орта ғасыр және Қайта Өркендеу философиясы» оқу құралы (2015 ж.), М.Сәбитпен бірлесе О.А. Сегізбаевтың «Қазақ философиясының тарихы» еңбегінің қазақ тіліндегі аудармасы (2017 ж.), сондай-ақ, Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы бойынша - Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін» кітабында аудармашы және ғылыми редактор, Дерек Джонстон және Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы» 3-4 томдығына аудармашы және ғылыми редактор (2018 ж.) қызметтерін нәтижелі атқарған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтановтың басшылығымен қос авторлықта «Әл-Фараби және қазіргі заман» атты оқулығы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көріп, «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасын іске асыруда зор үлес қосуда.



Гүлжиһан Нұрышеваның республикалық мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары, сұхбаттары, әңгімелері көп-ақ. Журналист тарапынан қойылған ««Философтардың бір тобы «адамның тағдыры — өз қолында» десе, екінші тобы «адам өз тағдырын ешқашан жасай алмайды» дейді. Сіздіңше, адам тағдырын таңдай ала ма?", — деген сұраққа тұшымды жауап берген екен. "Білім жинаңыз, еңбектеніңіз, алдыңызға нақты мақсат қойып, соған ұмтылыңыз. Шөптің басын сындырмай тұрып, бос армандау, орындалмайтын қиялға бөлену — еріншек адамның ісі. Керісінше, талаптанып, еңбектенген адам өз тағдырын жасай алады. Батыстық философияның белді бір бағыты, экзистенциализмнің тілімен айтсақ, адам дүниеге келгенде тек тіршілік етуші, өмір сүруші ғана, оның нағыз мәні кейін ашылады. Өмірін мәнмен толтыратын адамның өзі ғана, басқа ешкім де емес. Сондықтан өз тағдырыңызға өзіңіз жауап бересіз. Әрине, өмірде әртүрлі субъективтік және объективтік жағдайлар кездесуі мүмкін. Бірақ, тер төккен адам өзінің тағдырын жасай алады. Менің өзімнің ұстанымым осындай. Тағдырды билеу үшін дұрыс таңдау жасауыңыз қажет. Аса күрделі жұмыс. Қате таңдау жасасаңыз — өміріңіз өзіңіз күткендей болып шықпауы мүмкін. Осылай қателескен адамдардың бірін Лев Толстой өзінің «Иван Ильичтің өлімі» еңбегінде жақсы суреттеген. Иван Ильичті өлім алдында қинаған тән азабы емес, қате таңдау, жүзеге аспаған тағдыр туралы жан азабы. Өмірді қайтадан бастауға енді уақыт жоқ. Күйінген Иван Ильич өкінішін «Не могуууу!» деген айқаймен ғана жеткізді. Бәрімізге ой саларлық туынды. Осындай көзқарас Елбасының мақаласында да байқалып тұр. Ол жастарды, жалпы ұлтты арман-дүниеге емес, нақты өмірге, реализмге, прагматизмге жетелеу туралы айтады»,- деп толғанады Г. Жұмабайқызы.

Ғылым күрделі жол. Ал философияның тағы өз қиындығы бар. Ауыр ғылым деп жатады. Әрине, ойға күш салу, толғанып, тереңнен ойлану оңай емес. Бірақ, осы ғылымның салмағына қарамай, маңдай терін төгіп, білімді студент-жастар тәрбиелеуде үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Гүлжиһан Жұмабайқызының еңбегі ерен. Ол кісінің қарапайымдылығы, әрі ұстаздық асыл қасиеті соншалық, бірінші курска түскен студенттен бастап, докторанттарға дейін бағыт-бағдар беріп, білімдерін қадағалап, тәжірибе жинауға арналған базалармен келісім-шарттар жасап, жаңа оқу бағдарламалары мен қос дипломды оқу бағдарламалары жүзеге асыруда. Сондықтан, көптің ұстазы атанған әріптесімізді, әрі кафедра меңгерушіміз, ғалым Гүлжиһан Нұрышеваны келіп отырған мерейтойымен шын жүректен ұжым атынан құттықтаймыз!

**Ж. ӘМІРҚҰЛОВА,**
*философия кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, филос.ғ.к., доцент м.а.*
**Ә. РАМАЗАНОВА,**
*философия кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық қатынастар бойынша орынбасары, филос.ғ.к., доцент м.а.*

# ШЕБЕРЛІК ИІРІМДЕРІ

**ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде журналист болам деген 400-ден астам шәкірт «QAZAQSTAN» телеарнасы ардагерлері мен мамандарының «Алыптар апталығы» шеберлік күндеріне куә болды.**

Апта бойы «Qazaqstan» арнасында әр жылдары қызмет еткен Нұртілеу Иманғалиұлы, Әшірбек Көпішев, Марат Тоқашбаев, Төлеубай Қаймолдинов, Фатима Бегембаева, Баян Сұлтанова, Артур Алипов, Мэльс Байсамбаев, Гүлмария Барманбекова, Мария Айымбетова, Ерлан Атамбай, Қайрат Мусакулов, Мейіржан Жиенәлі, Маржан Болатханқызы, Гүлназ Әлімгерей, Қымбат Досжан, Берік Есенбай, Алмат Әбдіраман сынды танымал тележурналистердің шеберлік сыныптары өтті. Апталық аясында ұлттық арна ардагерлері Әл-Фараби ғылыми кітапханасындатаяудаашылған«Ұлыдаланың жеті қыры» атты экспозициясымен танысты. «Алыптар апталығы» «Қазақстан» РТРК Акционерлік Қоғамымен университеттің көп жылғы сенімді серіктестігінің дәлелі. 2016 жылы «Қазақ радиосының» 95 жылдығы, «Шалқар» радиосының 50 жылдығы университетте аталып өтсе, 2018 жылдың 15 ақпанында «QAZAQSTAN» телеарнасының 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да журналистика факультетінде заманауи техникамен жабдықталған «Qazaqstan» оқу-шығармашылық зертханасы салтанатты түрде ашылды.




«Телевизиядағы ұрпақтар сабақтастығы: телехабар таратудың кешегісі мен бүгіні» тақырып аясында «Qazaqstan» арнасында әр жылдары қызмет еткен ардагерлер шеберлік сыныптарын оқыды. Бұл дәстүр Берік Есенбай мен Алмат Әбдіраманның «Эфирге материалдар дайындау. Тақырыптарды таңдау», Маржан Болатханқызының «Шығармашылық үрдістегі инновация», Гүлназ Әлімгерей мен Қымбат Досжанның «Жүргізуші шеберлігі. Жаңалықтарды жүргізу», Қайрат Мұсақұловтың «Тележурналистің сөйлеу мәдениеті», Ерлан Атамбайдың «Ақпарат саласындағы ұлттық арнаның орны. Жаңалықтар жасалу тәсілі», Мейіржан Жиенәлінің «Телевизиялық жүргізуші жұмысына кеңестер» шеберлік сыныптары практикалық білім мен кәсіби дағдыларға баулыды.

«Мұндай кездесудің өткен шақта өткен өмірді еске алу түрінде болғанын қаламас едім. Бүгінде, жас ұрпақты не алаңдататыны туралы айтылғанын қалар едім», — деді ардагер журналист Гүлмәрия Барманбекова. Ал Төлеубай Қаймолдин «Өмірді білу – журналистиканың басты шарты», — деп кеңес айтты.

Ұлттық арнаның шеберлік иірімдері мен кәсіби аланы журналистика факультетінің студенттері асыға күтетін дәстүрлі шараға айналады.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**
*баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы меңгерушісі*

**ҚазҰУ-ға Малайзиялық «Amanie Advisors» консалтингтік компаниясы мен Астана халықаралық қаржы орталығының өкілдері келіп қайтты**

# МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

**Қазіргі заманғы әлемдегі орын алып жатқан түбегейлі өзгерістер жоғары білім жүйесіне белсенді әсер ететін интеграциялық үдерістерді құрастыруда. Әлемнің түрлі мемлекеттерінде оқыту стандарттарының үйлестіруінде бейнеленетін ашық әлемдік кеңістік қалыптастырылуда.**



Қазіргі уақытта қазақстандық жоғары оку орындарының негізгі міндеттерінің бірі – білім беру саласының тиімділігін, сапасы және қолжетімділігін жоғарылататын модернизациялау міндеті. Бұл мақсаттарға жетуге оқытушы-профессорлық құрам, магистранттар және студенттердің академиялық ұтқырлығының дамуы көп үлесін қосады. Академиялық ұтқырлық әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың стратегиялық бағыттарының бірі. Қазіргі уақытта университет ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты сәтті түрде іске асыруда. Шет елдердің тәжірибесі мен Қазақстандық білім беру саласының ерекшеліктерін ескере отырып, көптеген ЖОО-лар заманауи еңбек нарығына сай жоғары білікті мамандарды дайындауға арналған халықаралық оқыту бағдарламаларын жасауда. Олар арқылы студенттер шетелдік академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысып, өз мамандықтары бойынша кәсіби тәжірибе жинақтауда.

Физика-техникалық факультетінің жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығының 4-курс студенттері жуырда Ресей Федерациясының Мәскеу қаласының «МЭИ» Ұлттық зерттеу университетінде ғылыми тағылымдамадан (академиялық ұтқырлық) өтті. Себебі «МЭИ» бүгінде халықаралық Ресей ЖОО-лары арасында алдыңғы қатардағы университеті болып табылады. Студенттердің академиялық ұтқырлыққа қатысты барлық мәселелер «МЭИ» университетімен кері байланыс координаторы - ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің жылу физикасы және техникалық физика кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Жанар Шортанбаева мен «МЭИ» университетінің халықаралық академиялық бағдарламалардың ресми координаторы Ирина Кулик арқылы жүргізілді.

4-курс студенттері тағылымдамадан өту барысында қомақты білім мен тәжірибе жинақтап, «Өндірістік-технологиялық жүйелерде сапа басқару» мамандандырудың – «Сапа басқару» қосымшасын үйренгені туралы халықаралық маңызы бар сертификаттармен марапатталды.

**М. АСЕМБАЕВА,**
*ф.-м.ғ.к., аға оқытушы;*
**А. НУРМУХАНОВА,**
*т.ғ.к., аға оқытушы,*
*жылу физикасы және техникалық физика кафедрасы*

# Академическая мобильность

**С присоединением в 2010 г. к Болонской декларации Казахстан стал первым Центральноазиатским государством, признанным полноправным членом европейского образовательного пространства. А КазНУ первым в стране подписал этот документ и перешел на трехступенчатую систему образования с присуждением степеней бакалавра, магистра, доктора PhD.**



С принятием Болонской декларации значительно упростился доступ к высшему образованию напрямую связанный с применением в вузах возможностей академической мобильности, системы перезачёта кредитов, модульной системы обучения и специального приложения к диплому. Благодаря Болонскому процессу сегодня многие студенты обучаются по академической мобильности в разных вузах Европейских стран.

Следует отметить, что академическая мобильность отличается от традиционных зарубежных стажировок, прежде всего, тем, что, студенты имеют возможность обучаться за рубежом – от семестра до одного учебного года. Во время обучения они не только изучают язык и отдельные дисциплины, но и проходят полный семестровый или годичный курс по своей специальности, который им засчитывается по возвращении в базовый вуз, куда студент поступал, и чей диплом он изначально планирует получить. В программе академической мобильности, как правило, принимают участие студенты 2-3 курсов обучения, так как на первом курсе изучаются преимущественно общеобразовательные предметы.

Сегодня академическая мобильность стала важным направлением международной деятельности КазНУ им. аль-Фараби. Ежегодно более 2000 студентов университета проходят обучение в зарубежных вузах, более 600 профессоров и преподавателей участвуют в зарубежных конференциях и научных мероприятиях.

В программах академической мобильности активное участие принимает физико-технический факультет. Обучающиеся факультета имеют возможность получения двудипломного образования в таких ведущих вузах России как Санкт-Петербургский Государственный университет и Международный университет природы, общества и человека «Дубна», МГУ им. Ломоносова, МГТУ имени Н.Э. Баумана, Институт физики твердого тела РАН, Россия, УПИ, г.Екатеринбург, «МИСиС» г.Москва, трех университетах Германии (Гумбольдский университет, г.Берлин, Потсдамский Университет, г.Потсдам, Университет имени Христиана Альбрехта, г.Киль,) в Университете Хокайдо (Япония), Пенсильванском университете (США) и в Европейской организации ядерных исследований (CERN, Швейцария). Факультет осуществляет научное сотрудничество и с другими международными научными организациями.

Так же хочется отметить, что академическая мобильность не ограничена межвузовскими договоренностями, существующими в определенном учебном заведении. Большие возможности открывают такие программы как IAESTE (Ассоциация национальных комитетов, представляющих академические, производственные и студенческие интересы), Эразмус+ (программа Европейского Союза на период с 2014 по 2020 гг.), Work and Travel USA (американская программа международного студенческого обмена) и многие другие.

**К. НИЯЗОВ,**
**Я. СИДОРОВ,**
*магистранты*
*физико-технического факультета*

# БОЛАШАҚҚА ЖОЛ

**Бүгінгі заманның ұстанымы білімді ұрпақ тәрбиелеу болып отырғаны баршаға аян. Көзі ашық, көкірегі ояу адамды қазақ халқы қай кездеде үлгі тұтып, құрметтеген. Білімге ұмтылған өр баланың болашағы шамдай жарық болларын біліп өз ұрпағын білімді, саналы етіп тәрбиелеуді парыз санаған.**

Білімді, рухы мықты ұрпақтың өркениеттің өрге жүзуіне өз үлесін қосып, ел мүддесін қорғап, тіл мен ділді, дәстүр мен салтты сақтап болашақтың білімді, алғыр ойлы адамы болып өсетінін бағандап бәсекеге қабілетті елдің ертеңін нұрландыратын ұл мен қыз тәрбиелеу қажеттігі заман талабы екенін жақсы білген. Рухани жаңғыру адам баласының ішкі әлемнің жаңғыруы, сана сезімінің жаңа өзгерісті қабылдай білуі.

Жаңалық білім саласында да едәуір өзгерістер алып келді. Оқушылар мен студенттер өздігінен ізденіп, өздерін – өздері дамытпаса, түрлі семинарларға қатысып ізденбесе өз қатарынан қалып қояры анық. Әр заманның озық ойлы тұлғалары болады. Кешегі алаш қайраткерлері армандаған тәуелсіздік төрінде отырып, сол арыстарымыздың көзінің қарашығындай сақтаған тілімізді, ата баба жолын, білімнің алтын кілтін сақтап болашаққа жеткізе білу үлкен өнер. Ардың жүгін арқалаған саналы ұрпақ бойынан асыл қасиет жоғалмаса, білімде, ілімде ілгері жылжып, дами бермек.

Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы біздің жастардың дамуының ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр адамның рухани жаңғыруы болашаққа апаратын жолы. Ал, рухани жаңару мен жаңғыруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бүгінде бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. Әр бір жас өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңаша өмір сүріп, жаңа техникаларды игеріп, жаңалықтың жаршысы бола білсе нұр үстіне нұр болар еді. Рухани білімді басшылыққа алып болашаққа бастаған жол Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім»,- деп М.О. Әуезов атамыз айтқандай біздің сүйенеріміз тек қана білім. Қазақта «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген мақал бар. Бұл заман білекке емес білімге сенетін заман. Біздің заманауи әлемдегі елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерлік жігерді талап ететін білім жолында, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың болашаққа бағдары жолында кемелденіп, дами берейік, достарым.

Өмір ағыны тоқтамайды. Қашан да болашағын алыстан болжайтын қазақ халқы «қыстың қамын жазда ойла», - деп тегін айтпаған. Бүгінде білім саласында жаңа талаптарды орындауда көптеген жаңаша идеялар жүзеге асырылып жатыр. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі бар. Ұстаздар жас ұрпақты жаңашыл қоғам мүшесі болуға дайындап білім мен тәрбие берудің жаңаша үлгісін көрсетсе, дәрігерлер жаңа технологиялар жетістіктерін пайдаланып көптеген науқас жандардың алғысына бөленіп жүр. Мен болашақта өз мамандығымның білімді, жаңашыл иесі болғым келеді. Егер адам шын қаласа, бәрі де мүмкін. Армандар орындалады. Мен тәуелсіздік туы желбіреген байтақ елімнің білімді жастары атынан болашаққа апаратын жолға қадам басқан әр білімді жасқа ақ жол тілеймін.

Білім болашаққа жол. Білім бақыттың бастауы. Ал, біз бақытты елдің бақытты ұрпағымыз.

**Арайлым КЕНЖЕТАЕВА,**
*ҚазҰУ колледжінің 3-курс студенті*



**ҚазҰУ магистранты Абай Мырзағали «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты республикалық байқауының жеңімпазы атанды**

# Ұлы дала жастары

**Жастар кез келген мемлекеттің болашағы мен қозғаушы күші. Бұл ойымен дауласудың өзі артық шығар деп ойлаймын. Мемлекет жастар саясатын қалыптастыра отырып, жастардың маңызды орынға ие халықтың белсенді тобы екендігін көрсетеді. Болашақтағы Қазақстанның жолы жас ұрпақпен тікелей байланысты. Жастарға деген үлкен сенім мен зор үміттің артылатыны барлығымызға белгілі.**



Елдің қуаты мен қозғаушы күші де – осы жастар. Сондықтан да жастардың сапалы білім, саналы тәлім-тәрбие алып, саламатты болып өсуі – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Ұлт көшбасшысы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарға, ерекше сенім арта отырып, жастардың жағдайын жасауға баса назар аударады. Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауларының басым бағыттары жастармен тікелей байланысты болуы, кез келген мемлекеттік маңызы бар стратегиялар мен мақалаларында, сөздерінде әркез өскелең ұрпақты тілге тиек етуі – соның айқын дәлелі. Бүгінгі күні жастар өзінің әлеуетін жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге ие. Осы тұрғыда жастарға арналған бағдарламалар, жобалар қазіргі таңда белсенді жұмыс жасауда. Мемлекет тарапынан жастарды қолдау үшін жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін-2050», «Қолжетімді баспана – 2020» және тағы да басқа бағдарламалар бар. Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізіп, биіктерге көтерілуге болатынын түсінуі біз үшін де, мемлекет үшін де өте маңызды. Мысалы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жоғары оқу орындарында «Ұлы дала жастары» жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты – еліміз алға қойған міндеттерді жастардың бойына сіңіру. Жоба жастардың белсенділігін арттыруға, яғни, ғылым, бизнеспен айналысуына жағдай жасау, жаңа бастамалар жасау, ғылыми журналдардағы шет тіліндегі мақалалардың санын ұлғайтуға әсер етеді. Сонымен қатар, жоба оқу орнын тәмамдаған жастардың жұмыспен қамтылу деңгейі төмен екендігіне көңіл бөліп, осы мәселені шешуді қолға алды. Аталған жобалар мемлекет жастары үшін мүмкіндіктер ортасы десек те болады. Айта кететін тағы бір маңызды мәселе, қазіргі таңдағы «Жаңа қазақстандық ұлтжандылық» идеологиясы да жастарды тәрбиелеудегі маңызды қадамдардың бірі деп ойлаймын. Өйткені, қазіргі нарықтық заманда мемлекет пен азаматтардың, жас ұрпақтың мақсаттары барлық бағыт бойынша сәйкес келуі маңызды екенін атап өту қажет. Жас ұрпақты қазіргі заманға сай тәрбиелеуде ұлтжандылық рухты көтеру арқылы біздің айтарлықтай жетістіктерге жетіп, ел болашағы үшін сенімді болуымызға негіз бар. Жастарға қолдау көрсету мақсатында 2019 жылдың «Жастар жылы» болып бекітілуі жастар үшін үлкен мүмкіндіктер кезеңі болатынына сенімім мол. Жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін мүмкіндіктер беріліп, ертеңгі күн үшін барлық жағдай жасалып жатқанда, біз неге ел ертеңі үшін қолымыздан келгеннің барлығын аямасқа?! Елбасымыздың жас ұрпаққа: «Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда» деген сөздері әр қазақстандық жасқа патриоттық рух сыйлайды деген ойдамын. Әр қазақстандық жас кемел келешек үшін, жарқын болашақ үшін, «Ұлы дала жастары» деген атты абыроймен сақтап қалу үшін аянбай еңбек етіп, тер төксе, сіз бен біздің қолымыздан келер дүние ұшан-теңіз. Сол себепті, әрбір қазақстандық жасты келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы үшін, мемлекет үшін, еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек етуге шақырамын. Сіз бен біз болып Қазақстанның жарқын болашағын жандандыра түсейік! Өйткені біз – ел ертеңін жасайтын бүгінгі ұрпақпыз!

**Жаңылсын КАИПОВА,**
*саясаттану және саяси технологиялар факультетінің 1-курс магистранты*

# ЗАМАНҒА САЙ ҚЫЗМЕТ

**Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында атап көрсеткендей кең ауқымды жобалардың ішіндегі бірегейі – білім жүйесін заманауи талаптарға сай өркендету, бұл әрине жоғары деңгейлі білікті мамандарды даярлауды қажет етеді.**



Президент білім беру ісінде тәрбие жағына, әсіресе отансүйгіштік, рухани құндылықтар қасиеттеріне баулуға баса назар аударудың қажеттілігін айрықша атады. Қазіргі таңда университет кітапханалары оқырмандарға қызмет көрсету бағытының негізін Президент талабына сай үйлестіруге ұмтылуда. Оған ЖОО оқу процесін ұйымдастыруға көмек, ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша ғалымдарға бағыт-бағдар сілтеу, жас мамандарды тәрбиелеуде отансүйгіштік, рухани құндылықтар қасиеттеріне баулитын көпшілік іс-шаралар жүргізу жобалары жатады. Бұл жобалардың бәрі дерлік өзара серіктестік қатынастарды дамыту барысында толыққанды жүзеге асырылатыны мәлім.

Жоғары оқу орындарын цифрландыру дәуірінде кітапханалардың алатын орны ерекше екендігі де белгілі. Себебі, кітапхана ақпараттарды жинап, сақтаушы орын ғана емес, оқырмандары өз бетінше білім алуға, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрететін, олардың ізденіс әрекеттерін, ғылыми-зерттеу қызметін дамыта отырып, сауатты пайдаланушыны қалыптастыратын мекеме. Сондықтан да білім алушыларды цифрлық ақпараттық кеңістікте жетелеуде кітапхана ісінің басқалардан озық тұруы міндет және білім беру үрдісінде білім алушылардың талап-тілегін, сұранысын сапалы орындауы тиіс. Білім саласының әлемдік кеңістікке енуі, халықаралық стандарттарды басшылыққа алуы – өркениетті қоғамның инновациялық білім беру технологияларын ендіре отырып халықаралық серіктестіктер арасындағы үйлесімділікті меңгеруді талап етеді. Осы орайда, ЖОО-ның әл – Фараби ғылыми кітапханасының автоматтандыру үдерісін атасақ болады. 1934 жылы университеттің құрылуымен қатар жұмыс істей бастаған әл-Фараби ғылыми кітапханасы университеттің оқу және ғылыми үдерістерін ақпараттық-кітапханалық қызметпен қамтамасыз ететін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Үздік оқу орнының үздік ғылыми кітапханасы автоматтандыру бойынша толық мәтінді дерекқор жинақталған дербес электрондық кітапхана және халықаралық танымал баспалар мен дерек қорларының электронды кітаптарына (EBooks) қол жеткізетін EBSCO дерек қорының 3456 электрондық кітабына, Springer-дің 10817 электрондық кітабына, Elsevier-дің 114 электрондық кітабына ие.

Университет кітапханасы жаңа құрал-жабдықтармен толықтырылды, оның ішінде көпбейінді жұмыс станциясы, кітапхана қорының маркировкасын және RFID-технологиясы негізінде пайдаланушыларға қызмет көрсетуді бағдарламамен қамтамасыз ететін жиынтығы, кітапхана қорын сақтауды қамтамасыз ету жүйесі, RFID қолдауымен оқырмандардың өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы, басылымдарды цифрлау бойынша оқырмандардың өздігінен жұмыс істеуіне арналған сканерлік станциясы және көптеген құрылғылар бар.

Ғылыми кітапхананың электрондық каталогын құруда арнайы автоматтандырылған кітапханалық бағдарламасы РАБИС, КАБИС, ИРБИС жүйелерін пайдаланамыз. Әр жүйенің өзіне тән бағдарламалық ерекшелігі мен автоматтандыру мүмкіншілігі бар. Мысалы, РАБИС жаңа бағдарламалық өнімі WEB-РАБИС туралы бағдарламаны құрастырушылардың бірі инженер-программист Е.Б. Сапарғалиев өз мақаласында «Білім беру үдерісіндегі заман талабына сай модернизацияланған, автоматтандырылған кітапханалар билік пен халықты байланыстырушы серіктес бола білуі міндет» дей отырып, кітапханалардың жаңа мүмкіншіліктері мен бағдарлама модульдері туралы бөліп қарастырады. Бұл орайда біз елбасымыздың «Өмір бойы білім алу» жөніндегі қағидасын да естен шығармауымыз керек. Яғни, өмір сүре отырып білім алып, білім ала отырып технологияларды меңгеріп, әлемдік өркениеттен тыс қалмай, жаңа жүйелерді меңгеруіміз керек.

**Нұржанат КАМАЛБЕКОВА,**
*«Кітапхана ісі» мамандығының 4-курс студенті*

# ҚазҰУ студенті – ЖҮЛДЕГЕР

**«Нұрлы жастар – өнер орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен 2019 жылы 6 қаңтарда «Жастар жалауы» атты Республикалық өнер байқауы өтті. Байқауға қатысушылар ереже шартына сай өнер көрсету бағытына байланысты келесі номинациялар: көркем сөз, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән, аспапта ойнау, хореография, еркін тақырыпта шығарма жазу, бейнелеу, қолөнері бойынша сайысқа түсті.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің студенті Салтанат Өркен аталмыш республикалық байқауға «эстрадалық вокал» номинациясы бойынша қатысып, алғашқы жүлделі үштікке кіріп, II дәрежелі дипломның лауреаты атанды. Байқаудың талабына сәйкес Салтанат Өркен еркін тақырыпта «Жанымда бол» атты әнді «жанды дауыспен» нақышына келтіре орындап шықты. Байқаудың әділқазылар алқасының құрамында – еліміздің көрнекті өнер қайраткерлері, сазгерлер, ақындар, әншілер, белгілі ғалым-филологтар, оқытушылар мен журналистер, орталықтың беделді өнер қызметкерлері мен ұстаздары болды. Әділқазылар алқасы байқауға қатысушылардың өнерін он балдық жүйемен бағалады. «Нұрлы жастар – өнер орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастырған бұл Республикалық байқау жастардың ұлттық өнерге деген құрметін арттыруға, ұлттық құндылықтарымызды дамытуға өзіндік үлесін қосқан танымдық-тәрбиелік, шығармашылық мәні зор шара болды.

**Р. НАРАЛИЕВА,**
*ҚазҰУ-дың аға оқытушысы*

**В КазНУ прошла международная конференция «Картография Великого Шелкового Пути: от аналоговой до электронной»**

# СПАРТАКИАДА «ЗДОРОВЬЕ»

**В КазНУ им. аль-Фараби стартовала 47-ая традиционная межфакультетская спартакиада «Здоровье», посвященная 85-летию университета и нацеленная на формирование здорового образа жизни.**

На спартакиаде преподаватели и сотрудники состязаются друг с другом не в научных, а спортивных достижениях. Главный судья соревнований Наталья Таганова отметила, что в этом году в программе представлены семь видов спорта: бадминтон, шахматы, настольный теннис, волейбол среди мужчин и женщин, мини-футбол и тогызкумалак. Заявку на участие подали 20 команд. Подготовку к спартакиаде ежегодно проводят профсоюз «Парасат» работников КазНУ и кафедра физического воспитания и спорта.

Сейчас спортивные баталии в самом разгаре. Стали известны результаты игры в бадминтон: I место – факультет химии и химической технологии, II место - механико-математический факультет, III место – физико-технический факультет. Межфакультетская спартакиада «Здоровье» завершится 12 января.

**Профсоюз «Парасат»**












ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: *Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ*
Тілшілер: *Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА*
Фототілші: *Марат ЖҮНІСБЕКОВ*
Корректор: *Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА*

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана**
**Тапсырыс: №10**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.